

№4 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 18.04.2025ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: Мырсейтова Э.С.

Хатшы: Жүрсін Н.Б.

Күн тәртібі:

1. «Қандай технологияларды ендіріп баланың танымдық дағдыларын дамытамын»

Баяндамашы: әдіскер Жүрсін Н.Б.

2. «Театр арқылы сахналық қойылым көрсету»

Баяндамашы: тәрбиеші Бекаристанова А.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша: Әдіскер Жүрсін Н.Б. баланың танымдық дағдыларын дамытуда қолданылатын заманауи педагогикалық технологиялар туралы баяндама жасады. Баяндамада STEM технологиясы, ойын технологиясы, проблемалық оқыту, АКТ қолдану және жобалау әдістерінің тиімділігі атап өтілді.

Баяндамашы педагогикалық үдерісте технологияларды дұрыс үйлестіру арқылы баланың ойлау қабілетін, зерттеушілік дағдыларын және шығармашылық белсенділігін арттыруға болатынын айтты. Әсіресе, балалардың тәжірибе жасау, бақылау, салыстыру және қорытынды шығару қабілеттері дамитынына тоқталды.

Кеңес мүшелері тақырыпты талқылай отырып, технологияларды жүйелі қолдану баланың танымдық қызығушылығын арттыратынын қолдады.

Сөйледі: Тәрбиеші Ахметова М.: «STEM және ойын технологияларын біріктіріп қолдану өте тиімді, балалардың қызығушылығы артады» деп атап өтті.

Сөйледі: Тәрбиеші Сыздық Ш: «АКТ құралдарын пайдалану арқылы оқу қызметі көрнекі әрі түсінікті болады» деген пікір білдірді.

2-мәселе бойынша: Тәрбиеші Бекаристанова А. «Театр арқылы сахналық қойылым көрсету» тақырыбында шеберлік сабағын көрсетті. Ол театрлық әрекет балалардың тілін дамытуға, эмоциялық қабылдауына және шығармашылық қабілеттерін арттыруға ықпал ететінін түсіндірді.

Іс жүзінде тәрбиеші балалармен шағын сахналық қойылым ұйымдастыру тәсілдерін көрсетті: рөлдерді бөлу, кейіпкерге ену, диалог құру және сахналық мәдениетке үйрету жолдары көрсетілді.

Кеңес қатысушылары қойылым барысында балалардың белсенділігі жоғары болғанын және бұл әдістің тәрбиелік маңызы зор екенін атап өтті.

Сөйледі: Әдіскер Жүрсін Н.Б.: «Театрлық әрекет – баланың сөйлеу мәдениетін дамытудың тиімді жолы» деп бағалады.

Сөйледі: Тәрбиеші М. Ахметова: «Балалар рөлге ену арқылы еркін сөйлеп, өз ойын ашық жеткізді» деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балалардың танымдық дағдыларын дамытуда заманауи педагогикалық технологияларды (STEM, ойын, АКТ, жобалау) жүйелі қолдану ұсынылсын.
2. Әр топта айына кемінде бір рет театрлық қойылым ұйымдастыру тәжірибесі енгізілсін.
3. Педагогтардың шығармашылық тәжірибесін тарату мақсатында шебер сыныптар өткізу жалғастырылсын.
4. Балалардың тілдік және танымдық дамуын арттыру бағытында инновациялық әдістерді қолдану күшейтілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Мырсейтова Э.С

Жүрсін Н.Б.